

ӘОЖ 82-9; 28; МҒТАР 17.82.90; 21.15.47  
<https://doi.org/10.47526/2025-3/2664-0686.239>Ұ.Н. ЖАНБЕРШИЕВА<sup>1</sup>, А.Т. ТӨЛЕБАЕВА<sup>2</sup>, Г.С. ОРАЛОВА<sup>3</sup><sup>1</sup>филология ғылымдарының кандидаты, профессорҚорқыт ата атындағы Қызылорда университеті  
(Қазақстан, Қызылорда қ.), e-mail: ulzhan1954@mail.ru<sup>2</sup>аға оқытушы, Қорқыт ата атындағы Қызылорда университеті  
(Қазақстан, Қызылорда қ.), e-mail: aidyn42@mail.ru<sup>3</sup>филология ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор  
Қорқыт ата атындағы Қызылорда университеті  
(Қазақстан, Қызылорда қ.), e-mail: gulzi-oralova@mail.ru**ҚАРАСАҚАЛ ЕРІМБЕТТІҢ «ӘБУ ШАШМА» ДАСТАНЫ: ИСЛАМДЫҚ  
ДҮНИЕТАНЫМ ЖӘНЕ ӘДІЛДІК ҚАҒИДАТЫ**

**Аңдатпа.** Мақалада Қарасақал Ерімбеттің «Әбу Шашма» дастанының тақырыптық, идеялық ерекшелігі мен құрылымы қарастырылады. Дастандағы исламдық дүниетаным жайлы ғылыми тұжырымдар талданады.

Ислами көзқарас, әділдік қағидаттары, азаматтық ұстанымдар айқындалады. Сондай-ақ мұсылмандық мәдениеттің ақынның шарифат заңдарын сақтаудағы жан, рух, тәубе тазалығы жайлы ойларына ықпалы сөз болады.

Дастан кейіпкерлері Омар әділ, Алла үкімін бұлжытпай орындаушы болса, Әбу Шашма күнәсін мойындап, тәубеге келуін нақты деректер арқылы дәлелдеген.

Мақалада ислам дінінің құдіретін уағыздай отырып, діни философиялық терең ой айқындалады. «Әбу Шашма» дастанындағы діни-этикалық мазмұн сараланады. Дастандағы автор көрсеткен имандылық, әділдік, шарифат заңдарының орындалуы мысалдар арқылы анықталады.

Шығыстық сюжетке құрылған дастандағы әдеби байланыс, ықпалдастық, мұсылмандық мәдениетпен сабақтастық сараланады.

Дастандағы Шығыстық үлгі мен қазақтың ұлттық сөз өнеріндегі ұстанымдарға көңіл бөлінеді. Ислам құндылықтары, діни сенім беріктігі, әділдік, шарифат заңдарының орындалуындағы ғибраттық ойлардың бүгіндегі маңызы ашылады.

Қарасақал Ерімбет ислам дінінің құдіреттілігін уағыздауда рухани тазаруға шынайы тәубе етудің маңыздылығын бағыттаған. Дастан әдеби-теориялық тұрғыдан жүйелі талданып, тағлымдық-танымдық мәнін ашуға назар аударылған.

**\*Бізге дұрыс сілтеме жасаңыз:**

Жанбершиева Ұ.Н., Төлебаева А.Т., Оралова Г.С. Қарасақал Ерімбеттің «Әбу Шашма» дастаны: исламдық дүниетаным және әділдік қағидаты // *Ясауи университетінің хабаршысы*. – 2025. – №3 (137). – Б. 129–143. <https://doi.org/10.47526/2025-3/2664-0686.239>

**\*Cite us correctly:**

Zhanbershiyeva U., Tulebayeva A., Oralova G. Qarasaqal Erimbettin «Abu Shashma» dastany: islamdyq dunietanym zhane adildik qagidaty [Karasaqal Erimbet's Epic «Abu Shashma»: Islamic Worldview and Principle of Justice] // *Iasaui universitetinin habarshysy*. – 2025. – №3 (137). – B. 129–143. <https://doi.org/10.47526/2025-3/2664-0686.239>

Мақаланың редакцияға түскен күні 10.04.2025 / қабылданған күні 30.09.2025

Дастандағы Шығыстық үлгі мен қазақтың ұлттық сөз өнеріндегі ұстанымдарға көңіл бөлінеді. Ислам құндылықтары, діни сенім беріктігі, әділдік, шариғат заңдарының орындалуындағы ғибраттық ойлардың бүгіндегі маңызы ашылады.

**Кілт сөздер:** исламдық дүниетаным, қағидаттар, шариғат заңдары, рух тазалығы, діни философия, шығыстық сюжет, мұсылмандық мәдениет.

**U.N. Zhanbershiyeva<sup>1</sup>, A.T. Tulebayeva<sup>2</sup>, G.S. Oralova<sup>3</sup>**

<sup>1</sup>*Candidate of Philological Sciences, Professor*

*Korkyt Ata Kyzylorda University (Kazakhstan, Kyzylorda), e-mail: ulzhan1954@mail.ru*

<sup>2</sup>*Senior Lecturer, Korkyt Ata Kyzylorda University*

*(Kazakhstan, Kyzylorda), e-mail: aidyn42@mail.ru*

<sup>3</sup>*Candidate of Philological Sciences, Associate Professor, Korkyt Ata Kyzylorda University*

*(Kazakhstan, Kyzylorda), e-mail: gulzi-oralova@mail.ru*

### **Karasakal Erimbet's Epic «Abu Shashma»: Islamic Worldview and Principle of Justice**

**Abstract.** This article examines the thematic and ideological features and structure of Karasakal Erimbet's epic «Abu Shashma». Scientific conclusions about the Islamic worldview in the epic are analyzed. Islamic perspectives, principles of justice, and civil stance are clarified. The influence of Muslim culture on the poet's thoughts regarding the purity of the soul, spirit, and repentance in adhering to the laws of Sharia is also discussed.

The characters in the epic, such as Omar, are portrayed as just and unwavering in following Allah's commands, while Abu Shashma acknowledges his sins and proves his repentance with clear evidence.

The article reveals the religious and philosophical depth that advocates the power of Islam. The religious-ethical content of the epic "Abu Shashma" is analyzed. The author's demonstration of faith, justice, and the fulfillment of Sharia laws is made clear through examples.

The epic pays attention to the Eastern model and the principles of Kazakh national literary art. It reveals the significance of Islamic values, the strength of religious faith, justice, and the implementation of Sharia laws, as well as their moral teachings and relevance in the modern world.

The literary connections, influences, and continuity with Muslim culture in the Eastern-themed epic are explored. Karasakal Erimbet preached the power of Islam and emphasized the importance of sincere repentance for spiritual purification.

The epic is systematically analyzed from a literary-theoretical perspective, with a focus on revealing its moral and cognitive value.

**Keywords:** Islamic worldview, principles, Sharia laws, purity of the soul, religious philosophy, Eastern plot, Muslim culture.

**У.Н. Жанбершиева<sup>1</sup>, А.Т. Тулебаева<sup>2</sup>, Г.С. Оралова<sup>3</sup>**

<sup>1</sup>*кандидат филологических наук, профессор*

*Кызылординский университет имени Коркыт ата  
(Казахстан, г. Кызылорда), e-mail: ulzhan1954@mail.ru*

<sup>2</sup>*старший преподаватель, Кызылординский университет имени Коркыт ата  
(Казахстан, г. Кызылорда), e-mail: aidyn42@mail.ru*

<sup>3</sup>*кандидат филологических наук, ассоциированный профессор  
Кызылординский университет имени Коркыт ата  
(Казахстан, г. Кызылорда), e-mail: gulzi-oralova@mail.ru*

**Дастан «Әбу Шашма» Карасакала Еримбеті:  
исламский мировоззрение и принцип справедливости**

**Аннотация.** В статье рассматриваются тематические и идейные особенности и структура дастана «Әбу Шашма» Карасакала Ерімбета. Анализируются научные выводы о исламском мировоззрении, принципах справедливости, гражданской позиции. Также обсуждается влияние мусульманской культуры на мысли поэта о чистоте души, духа и покаяния, а также соблюдение законов шариата.

Персонажи дастана, такие как Умар, являются примером справедливости и точного выполнения воли Аллаха, в то время как Әбу Шашма признает свои грехи и через покаяние подтверждает свое обращение к вере.

В статье выявляется философская глубина, пропагандирующая мощь ислама, с акцентом на религиозно-философские размышления. Рассматривается религиозно-этическое содержание дастана «Әбу Шашма». Принципы веры, справедливости и соблюдения законов шариата анализируются через примеры, приводимые автором.

В дастане уделяется внимание восточной модели и принципам казахского национального словесного искусства. Раскрывается значение исламских ценностей, стойкости религиозной веры, справедливости и исполнения законов шариата, а также их нравственное поучение и актуальность в современном мире.

Литературная связь, взаимодействие и преемственность с мусульманской культурой в дастане, основанном на восточном сюжете, также рассматриваются. Карасакал Ерімбет проповедовал могущество ислама и подчёркивал важность искреннего покаяния для духовного очищения.

Дастан анализируется с литературно-теоретической точки зрения, внимание уделяется раскрытию его познавательной и нравственной ценности.

**Ключевые слова:** исламское мировоззрение, принципы, законы шариата, чистота духа, религиозная философия, восточный сюжет, мусульманская культура.

### Кіріспе

Әлем өркениеті кеңістігінде Ислам діні дүниежүзіне тарала бастағаннан бері осы уақытқа дейін Алланың жалғыздығын, оның елшісі Мұхаммед пайғамбардың, достары сахабалардың қасиетін, оларды ұлықтаған мұсылмандардың пейілін, оларға қарсы болған дұшпандардың әрекеттерін – бәрін де жыр арқауына алып жырлау осы уақытқа дейін үздіксіз жалғасып келеді. Әлем әдебиетінің көрнекті ақын-жазушылары қасиетті Құран Кәрімнің сүрелері аяттарындағы сюжеттерді негізге ала отырып, Ислам тарихындағы көрнекті қайраткерлердің ұлағатты істерін дәріптеп, өнеге етіп жазуды қалыптастырды. Бұл әдеби дәстүр желісінде Сыр бойындағы көрнекті ақын-жыраулардың барлығының дерлік Ислам тарихының қайраткерлері туралы эпикалық шығармалар мол орын алды.

«Шығыстың классикалық әдебиеті мен қазақтың ұлттық сөз өнері тарихындағы философиялық-педагогикалық ұстанымдарды тұтастырған Сыр өлкесіндегі оқымысты ақын-жыраулар ұрпақты тәрбиелейтін тағылымды эпикалық туындыларға көңіл бөлген. Мысалы, Сыр өлкесіндегі қазіргі Қазалы, Арал, Қармақшы, Жалағаш, Ақтөбе облысындағы, сонымен бірге Қарақалпақстан атырабындағы қазақ ауылдарына діни-исламдық ағартушылық ұлағатын дарытқан Ерімбет Көлдейбекұлының дастандарын даралап айтуға болады: «Атымтай жомарт», «Сәдуақас сақи», «Ақтам сахаба», «Шаһизаданың хикаясы», «Бап-Раушан», «Әбу Шашма», «Хазірет Ғали мен Дариха қыз», «Хазірет Ғали мен Мағауияның соғысы», т.б.» [1, 71-б.].

Оның қазақ әдебиетіндегі діни-ағартушылық бағыттағы маңызды туындыларының бірі – «Әбу Шашма» дастаны. Бұл дастан исламдық мазмұндағы діни-насихаттық туынды болып табылады. Дастанда Мұхаммед пайғамбардың серіктері – сахабалардың, соның ішінде екінші

халифа Омар ибн Хаттабтың ұлы Әбу Шашманың тағдыры баяндалады. Ақын өткен дәуір оқиғаларын негізге ала отырып, мұсылман қауымына ғибрат айтады.

Қарасақал Ерiмбет пен Шораяқтың Омары жырлаған «Әбу Шашма», «Әбу Шаһма» атты екі дастанның сюжеттік желісі бір. Бұл екі ақын да дін арқылы ағартушылық бағыт ұстанған. Десек те, екі ақын дастанда басты кейіпкер Мұхаммед пайғамбардың сахабаларының бірі Омар Ибн Хаттабтың ұлын екі түрлі атаған.

Қарасақал Ерiмбет «Әбу Шашма» десе, Шораяқтың Омары «Әбу Шаһма» деп береді. Омар ұлының шын аты Абдуррахман, құлағы үлкен адамды арабша «шаһма» дейді. Сондықтан болар екі ақын мұсылмандық ықпалмен өмірдің мәндік идеясын ашқан Қ. Ерiмбеттің 1995 жылы «Маржан» баспасынан шыққан «Ұлағат сөзім ұрпаққа» атты шығармалар жинағында 260-бетте бұл дастанды «Әбу Шашма» деп берген. Сондықтан мәтінге өзгерту енгізбей беруді жөн көрдік.

Дастанның негізгі тақырыбы – ислам құндылықтары, діни сенімнің беріктігі, әділдік, тәубе және шариғат заңдарының орындалуы. Шығармада Омар халифаның әділдігі, Әбу Шашманың шайтан азғыруына түсіп, күнәға батуы және оның шариғат үкімімен жазалануы сөз болды. Сонымен қатар, ата-ананың балаға деген махаббаты, қоғамдағы әділдік пен тәубенің маңызы ерекше көрініс табады. «Әбу Шашма» дастанының мазмұны, оның негізгі ойлары мен исламдық дүниетанымдағы орны жан-жақты талданады. Дастандағы ғибратты ойлар қазіргі заман үшін де өзектілігін жоғалтпаған діни-адамгершілік мәселелерді көтеретіндігі анық.

### **Зерттеу әдістері мен материалдар**

Дастан исламдық дүниетанымға негізделгендіктен, мәтіннің діни мазмұны арнайы шариғат заңдары мен ислам ғұламаларының еңбектері негізінде түсіндірілді. Исламдағы әділдік, тәубе, тағдырға сену, күнә және жаза сияқты діни ұғымдар талданды. Дастандағы кейіпкерлердің әрекеттері адамгершілік пен этикалық құндылықтар тұрғысынан бағаланды. Дастанның жазылған дәуірі, тарихи жағдайы және мәдени-философиялық негіздері, кейіпкерлердің ішкі жан дүниесі, олардың іс-әрекетіне әсер ететін психологиялық факторлар қарастырылды.

Дастанның мазмұнын ашу барысында тарихи-филологиялық, көркем мәтінді талдау, діни-танымдық талдау, салыстырмалы-типологиялық, психологиялық әдіснамалардың бірлесіп қолданылуы мақалаға жан-жақты, терең талдау жасауға мүмкіндік берді.

Мақалада образдық талдау әдістері қолданылды. Ақын дастанын талдауда ғылымдағы герменевтикалық және көркемдік талдау жүйелік-құрылымдық сынды әдістер тиімді пайдаланылды.

### **Талдау мен нәтижелер**

Сыр бойы – ежелден бері қазақтың рухани және мәдени орталықтарының бірі. Осы өңірден шыққан шайырлар мен жыраулар ұлттық әдебиеттің дамуына өлшеусіз үлес қосқан. Әсіресе, олардың шығармашылығында шығыстық классикалық әдебиеттің ықпалы айқын байқалады. Бұл ықпал діни-ағартушылық, поэтикалық дәстүр және мәдени байланыстар арқылы көрініс тапқан. Осы тұрғыда зерттеуші Ұ. Жанбершиева Сыр бойындағы әдеби мектептің қалыптасу себептерін талдап, оның негізгі ерекшеліктерін айқындайды: «Сыр сүлейлерінде Шығыстық дәстүр қалыптасуына себеп болған жағдайларды айрықша атауға болады. Біріншіден, Сыр бойынан шығып, Орта Азиядағы медреселерден білім алған ағартушы ғалымдардың бәрі де шығыстық үрдіс, дәстүрді ұстаған. Екіншіден, ислам дінінің қазақ поэзиясындағы адамгершілік-имандылық тақырыбын көркемдік ойлау жүйесі аясында дамытқан. Үшіншіден, географиялық орналасуы жағынан бір-біріне жақын елдердің экономикалық қарым-қатынасы түрлі сауда-саттық арқылы араласуы негіз болды. Осылайша, Сыр бойын мекендеген халықтар, оның сөз өнерін ұстаған ақын-жыраулар сонау

ежелгі дәуірден бастап, бүгінге дейін шығыстық классикалық әдебиеттің ықпалымен әдеби дәстүр қалыптастырған» [2, 122-б.].

Қазақ поэзиясында адамгершілік пен имандылықты дәріптеудің ерекше орны бар. Әсіресе, Сыр сүлейлері өз шығармаларында халықты ізгілікке, білімге, адалдыққа шақырып, діни-ағартушылық бағытты ұстанған. Олар ислам ілімін терең меңгеріп, Шығыс әдебиетінің дәстүрлерін жалғастырып, өз жырлары арқылы келер ұрпаққа рухани құндылықтарды жеткізуді мақсат еткен. Осы орайда, ақындардың ғибраттық шығармаларының негізінде білім мен ғылымның мәні терең түсіндіріліп, оны адамзаттың мәңгілік байлығы ретінде қарастыруы заңдылық деп білеміз. «Адамзат бойындағы алуан түрлі қасиет, мінез-құлық жақсылықтан үйреніп, жамандықтан жиренудің жолын ақындар ғибраттық үлгі арқылы береді. Сыр сүлейлерінің үгіт-өсиет, насихат өлеңдері діни-ағартушылық сипатта көрініс тауып, ағартушылық ұстанымды ұстап, діни дүниетанымды берік ұстанғанында жатыр десек қателеспейміз. Оның басты себебі де бар. Шығыстық біліммен сусындаған Тұрмағамбет Ізтілеуов, Қарасақал Ерімбет, Шораяқтың Омары, Сейітжан ақын, Қаңлы Жүсіп ислам дініндегі ғылым мен білімнің орнын түсініп, дүниетанымы қалыптасқандықтан мәңгілік байлық білім ғылымда екенін келешек ұрпаққа жеткізбек болған» [3, 176-б.].

Қарасақал Ерімбеттің «Әбу Шашма» дастаны исламдық мазмұндағы діни-насихаттық туынды болып табылады. Дастанда Мұхаммед пайғамбардың серіктері (сахабалары) және басты кейіпкер Әбу Шашма жайлы баяндалған. Ақын өткен дәуірлерді еске ала отырып, мұсылман қауымын осы оқиғалардан ғибрат алуға шақырады. Дастанның негізгі тақырыбы ислам құндылықтары мен діннің беріктігі, әділдік идеясы, Мұхаммед пайғамбардың сахабаларының өмірін, діни сенімді, Құран мен пайғамбар жолын дәріптеу сөз болған.

Сыр сүлейлері шығармаларында пайғамбарлар тұлғасының көрініс беруі, елдік ұстанымызды нық қалыптастыруда маңызы зор.

«Діни-ағартушы кітаби ақындарымыздың алғашқы қалам тартқан мәселесі – дін мәселесі. Қазақ елінің ұлт ретінде оянуы, есін жиюы, болашақ үшін күресі, ең алдымен елдің дінін сақтап қалуымен тығыз байланысты қарастырылды. Құран сүрелерінің, ондағы қызықты хикаяларды, ежелгі пайғамбарлар мен олардың діни, қоғамдық қызметтерін қисса-дастан еткен» [4, 56-б.].

Мұсылмандық Шығыста, соның ішінде түркі мұсылмандарына жете мәлім пайғамбарлар мен сахабалар есіміне қатысты әділдік, әдеп жөніндегі дастандар ерекше маңызға ие болған.

Дастанның негізгі кейіпкері – екінші халифа Омар ибн Хаттабтың ұлы Әбу Шашма туралы дерек береді. Өткен тарихты білудің маңыздылығын және оқырманға ғибрат алу керектігін ескертеді.

Ақырдың пайғамбары Нұр-Мұхаммед,  
Жолдасы қасындағы төрт шаһарияр.  
Төрт шерінің бірі Ғали, бірі Сыддиқ,  
Біреуі молла Оспан, әділ Омар [5, 261-б.].

Мұхаммед пайғамбар мен оның төрт әділ халифасы туралы сөз қозғалады. Бұл жерде төрт халифа атап көрсетіледі: Ғали (Әли ибн Әбу Талиб), Сыддиқ (Әбу Бәкір), Оспан (Осман ибн Аффан), Омар (Омар ибн Хаттаб).

Бір күні Әбу Шашма қасте болған,  
Жолына ата-анасы болған құрбан.  
«Жазылса осы ұлым!» – деп патша Омар,  
Тұтпаққа он ай ораза уағда қылған.  
Құдайым бұл мінәжатын қабыл алып,  
Ұғылы Әбу Шашма ол сауалған.  
Патша Омар оразасын он ай тұтып,

Уағдасын бастан-аяқ тамам қылған [5, 261-б.].

Әбу Шашма есімді кейіпкердің басына қатер төнеді. Қастықтың нақты сипаты ашылмаған, бірақ ол ауыр дертке шалдығуы немесе басқа бір қиын жағдайға тап болуы мүмкін. Мұны естіген ата-анасы баласының аман қалуын тілеп, Құдай жолында құрбандық шалады.

Құрбандық шалу – Алладан медет сұраудың бір көрінісі ретінде бейнеленеді. Исламда адамның ниеті мен дұғасы шынайы болса, Алланың оны қабыл ететіні айтылады. Ата-анасы ұлы үшін құрбандық шалып, оған шын жүректен дұға жасайды. Дастанда мұсылман әлемінде әділдігімен танымал болған екінші халифа – Омар ибн Хаттабтың есімі аталады. Баласы үшін дұға етіп, егер бала аман қалса, он ай бойы ораза ұстайтынын уәде етеді.

Исламда ораза – Аллаға құлшылық ететін бес парыздың бірі. Әдетте бір ай ораза ұстау парыз болып есептелсе, Омар он айлық оразаға уәде етеді. Оның сенімінің беріктігін, әрі оның әділ, әрі діндар басшы болғанын көрсетеді. Омардың тілегі орындалып, ұлы жазылып кетеді. Мұсылмандық дүниетанымда дұға ету – адамның Құдаймен байланысы болып есептеледі, ал шынайы ниетпен жасалған дұғалардың қабыл болатынына сенім бар. Бұл жерде Құдайдың әділдігі мен мейірімділігі дәріптеледі, яғни шынайы ниетпен сұралған тілек қабыл болады, егер адам уәде берсе, оны орындау міндет деген ой жатыр.

Омар өзінің берген уәдесін ұмытпай, толықтай орындап, сөзінде тұратын, әділетті адам екенін көрсетеді. Исламда уәдеде тұру – маңызды құндылықтардың бірі.

Бұл оқиға арқылы ақын адамгершілік қасиеттерді, діни сенімнің беріктігін және әділдік ұстанымын насихаттайды.

Қазақ ақын-жыраулары мен Шығыс шайырлары пайғамбарымыздың киелі есімін ілтипатпен еске алып, алдымен ауыздарына Алланы, екінші Хақ, яғни пайғамбарды алады. Өсиет, өнеге айтса да, елді бірлікке, тірлікке, жақсылық жасауға, ізгілікке шақырса да бір Аллаға, пәрмен иесі пайғамбарға жүгініп отырады [6, 8-б.].

«...Жалпы исламның қалыптасу тарихына көз жүгіртсек, оның өкілдері ислам дінінің байрағы көркем мінезде деген қағида арқылы исламды дүние жүзіне таратқан. Көркем мінезді адам адамгершілік нормаларды жоғары қойып, имандылық жолын ұстанады. Адамгершілік нормалары Құранда жасауға болмайтын, яғни «харам» болып саналатын нәрселер және жасалуға тиісті нәрселер жиынтығы – «халал» болып бөлінеді. Қазақ халқы ежелден өзінің адамгершілік, парасаттылық, адалдық, қайырымдылық, ізеттілік қасиеттерімен көзге түскен, имандылық қасиетті зор бағалаған. Сондықтан имандылық, адамгершілік тәрбиесі мұсылмандық және ұлттық дәстүрлердің бірі болған», - [7, 82-б.] деген тұжырым жасалған. Олай болса, дастан кейіпкері жасалған имандылық жолын ұстанған. Әбу Шашма бойындағы нәпсіқұмарлықты әшкере етіп, мұсылманның иман шарттарына қарсы деп көрсеткен.

Дастанда Шашманың нәпсіқұмарлыққа жол беріп, қыздың арын төгіп, мақсатын орындайтын жерін ақын былайша суреттейді:

Көңілі бұзылды қызды көріп,

Ол қыздан үміт етті бала келіп.

Қызға айтты: «Мақсатымды бітір», – деді

Болмаса кетемін мен сені өлтіріп! [5, 262-б.].

Дастанның қысқаша сюжеті мынандай сегіз желімен өрбиді. Дастан кейіпкері Әбу Шашманың күнәсін жазасы жуып, Алла рақымына бөленіп, жаннаттың сегізін аралауы, Алланың кешіріміне о, дүниеде тап болуын дәріптеуінде еді.

1. Бірінші желі сахабалардың бас қосуымен басталады. Олар пайғамбар Мұхаммедті (с.ғ.с.) сағынып, оның ілімін қайта еске түсіргісі келеді. Құранды тыңдауға ниеттеніп, халифа Омарға өтініш айтады. Сахабалардың өтініші, Құран оқып, тыңдауды қалайды. Пайғамбар

Мұхаммедтің (с.ғ.с.) сөздерін еске алып, рухани тазаруды көздейді. Өтініштерін білдіру үшін халифа Омарға келеді.

Омар сахабалардың тілегін құптап, дұрыс шешім қабылдайды. Барлық адамның мешітке жиналуын сұрайды, өйткені мешіт – қасиетті орын. Өзі ұлын ертіп мешітке баратынын айтады. Осылайша, дастанда діни рәсімдерді ұжымдық түрде орындау, мешіттің білім мен құлшылық ордасы ретінде маңыздылығы, Құран оқуға деген ерекше құрмет көрініс табады.

Әннан соң ал Шашманы барды алып,  
Жиналған сақабалар хабарланып.  
Мысалы, пайғамбардың дауысындай,  
Оқиды неше түрлі әуез салып.  
Есіткен сахабалар зар-зар жылап,  
Сол жерде отырыпты естен танып.  
Бір уақта «Рахмет, жарайсың!» деп,  
Тарқасты сахабалар рахаттанып [5, 261-б.].

2. Екінші желі. Сахабалар Құран оқылғанын тыңдауға дайындалады. Жігіт әуезді, көркем дауысымен Құран оқиды. Дауысы пайғамбар Мұхаммедтің (с.ғ.с.) дауысына ұқсайды. Құран оқудың әсерінен сахабалар терең тебіреніп, көздеріне жас алады. Барлығы рухани күйге еніп, естен танып қалатындай әсер алады. Бір уақыттан кейін өздерін жинап, қуанышпен тарасады.

3. Үшінші желі. Оқиганың өрбуі, шиеленісуі Жөһіт пен патша ұлының кездесуінен басталады. Құран оқып болған соң, бала мешіттен үйіне қарай қайтады. Жолда бір жөһітті кездестіреді. Жөһіт оның жүзі сарғайып кеткенін байқап, себебін сұрайды. Шашма оған өзінің ауыр дертке ұшырағанын, бірақ Алланың оны сауықтырғанын баяндайды.

Жөһіт оның әлсірегенін байқап, оған ем ретінде дәрі ішуді ұсынады. Бұл дәрінің «ауырған жанды бірден сауықтыратынын» айтып, оған шарап береді. Ол Жөһіттен «дәрінің» атын сұрайды. Жөһіт оның шарап екенін мойындайды. «Бұл кез келген ауруға шипа», – деп сендіруге тырысады. Шашма оған Исламда шараптың арам екенін айтып, ішуден бас тартады.

Шашма айтты: «Арам нәрсе, керегі жоқ,  
Егерде қажет болса, өзің-ақ соқ!  
Ішпекке бұйырмаған Алла Тағалам,  
Сен неге ұсынасың маған өрт-шоқ?!» [5, 262-б.].

Шариғатта оны ішуге рұқсат етілмеген, сондықтан қабылдай алмайтынын айтады. Жөһіт жігітті көндіру үшін оны алдап-сулап бір шыны арақ ішкізеді. Ол есінен танып, мас болып, өзін билей алмай, естен айырылған күйге түседі. Сұлу қызды көріп, оның сұлулығына елтіп, нәпсіқұмарлық сезімі оянады.

Жөнелді бір шынысын ішіп алып,  
Есірік, бейуыш боп, естен танып.  
Отырған оңашада бір қыз көрді,  
Жан-жаққа келе жатса көзін салып.  
Көңілі бұзылады қызды көріп,  
Ол қыздан үміт етті бала келіп.  
Қызға айтты: «Мақсатымды бітір, - деді, -  
Болмаса кетемін мен сені өлтіріп!» [5, 262-б.].

4. Төртінші желі. Шашма шарап ішкеннен кейін есінен айырылып, өз-өзіне ие бола алмайды. Ол нәпсіге ерік беріп, жолда кездескен Зибә есімді қызға жаман оймен жақындайды. Бұл әрекет оның адамгершілік қасиетін жоғалтып, хайуандық күйге түскенін көрсетеді.

Әбу Шашма – тағдыр тәлкегіне түскен жас жігіт. Оның күнә жасауы исламдық этикалық нормалардың бұзылуымен суреттелген. Бірақ өз қателігін түсініп, шынайы тәубеге келеді. Оның образын ашуда діни-философиялық тұжырымдарға сүйену маңызды. Ал, Омар – әділ билеуші. Ислам заңдарына қатаң бағынады, тіпті өз ұлына да кешірім жасамайды. Бұл исламдағы әділеттіліктің жоғары принциптерін байқатады. Ғалымдар бұл ислам құндылықтарының көрінісінен туған ойлар деп бағалайды.

Зиба – ар-намысын қорғаған әйел бейнесінде суреттеліп, Оның күнәсін әшкерелеп, әділдікті талап етіп, исламдағы әйелдердің құқығы мен олардың қоғамдағы рөлін аша түседі.

Қыз жігітке оның қателігін түсіндіргісі келеді. Оған Алладан қорқу керектігін ескертеді: біріншіден, «Құдайдан қорықпайсың ба?»- деп, оның діни сеніміне әсер етпек болады. Екіншіден, «Әкесі – әділ халифа Омар» екенін еске салады. Үшіншіден, ақыретте бұл қылығы үшін жауап беретінін ескертеді.

Бұл жерде қыз ақылды, діндар, адал жан ретінде көрінеді. Өзінің ар-намысын сақтап қана қоймай, күнәға батып бара жатқан Шашманы тоқтатуға тырысады. Шашма нәпсісіне толық ерік беріп, күнәсін жасайды. Қыз оған ескерту жасағанымен, оның сөзі шараптың кесірінен санасына жетпейді. Бірақ Зиба бұл әрекетті жасырмайтынын, егер Алла қаласа, бұл күнәні халықтың бәрі білетінін айтады. «Бұл құпияны адамдарға айтпасам да, Алла біледі», - деп, әділ соттың бәрібір орнайтынын түсіндіруі арқылы ақын кәпір мен мұсылманның некелесуі ислам шариятына жат деген ойды айтпақшы болған.

Әбу Шашма өзінің жасаған күнәсін ұмытып, бұрынғы өмірін жалғастыра береді. Күнәсі жасырын қалмайды, уақыт өте келе ақиқат ашылады. Арада бір жыл өткен соң, мәжілісте отырған сахабалардың ортасына бір жас қыз келеді.

Отыр еді мәжілісте сахабалар,  
Бір жас қыз бала арқалап сонда жетті.  
Омарға ол қыз келіп, деді: «Тақсыр!  
Менде бар айтатұғын бір арыз-сыр.  
Есітіп хабарыңызды келіп тұрмын,  
Жазықсыз мендей жанға рахым қыл?!» [5, 263-б.].

5. Бесінші желіде оқиға қыз Омарға келіп, әділдік сұрап арыз айтуымен өрбиді. «Мен жазықсыз жанмын, маған әділдік жаса!» – деп өтініш жасайды. Омар қызды тыңдауға дайын екенін, егер әділдік іздеп келген болса, көмектесетінін айтады. Қыз өзінің жағдайын ашық баяндайды. «Мен сізге жақынмын» деп, бұл істің Омарға тікелей қатысы бар екенін меңзейді. Ол кейін: «Бұл бала – сіздің ұлыңыздың баласы!» – деп шындықты жария етеді. Бұл сөз мәжілістегілер үшін күтпеген жаңалық болады. Қыз өзінің басынан өткен оқиғаны егжей-тегжейлі айтып береді. Әбу Шашманың шарап ішіп келіп, өз еркінсіз күнәға итермелегенін баяндайды. Өз еркімен көнбегенін, бірақ Шашманың тоқтамай, дегенін жасағанын түсіндіреді. Дастанның Шығыстық дәстүр нәзирагөйлікпен жазылған, мұсылмандық мәдениеттің ықпалынан туғаны анық.

Қарасақал Ерімбет ел ішіне кеңінен тараған арабша, парсыша діни шығармалардағы Мұхаммед пайғамбарды уағыздау туралы өткен тарихтан хабар береді. Дастанның ғибраттық мәні мұсылман аңыздары мен мифтері, Құран қағидаларын адами құндылықтармен сәйкестендіріп суреттейді.

Ақырында Алла Тағала мұндай қылды,  
Жүріп ем айтпайыншы ұялар, - деп  
Амалсыз сізге келдім білдірмекке.  
Халық көріп сырттан өсек қылар-ау - деп» [5, 263-б.].

Зиба басында оқиғаны ешкімге айтпауға тырысып, «Егер Құдай өзі қаламаса, бұл сыр бәрібір ашылады»- деп түсінеді. Уақыт өте келе халық арасында өсек тарай бастайды, сондықтан Омардың алдына келіп, шындықты айтуға мәжбүр болады.



Халифа Омар өз ұлы Әбу Шашманың мінезін бұрын бұзық деп санамағанын айтады. Сондықтан қыздың сөзін қабылдас бұрын, оны айғақтармен дәлелдеуді талап етеді. Әділетті болу үшін Зибадан ант сұрайды. Зибә өз сөзінің шынайылығын көрсету үшін ант ішуге дайын екенін білдіреді. Қыз алдымен Құдайдың алдында, содан кейін өзінің ар-ожданы алдында шындықты растайды. Омар анттың маңыздылығын түсініп, шешім қабылдау үшін сыртқа шығады.

6. Алтыншы желі. Омардың әділетті билеуші ретінде ұлының жасаған күнәсі туралы естіп, қатты күйзеліске түсуімен жалғасады. Оның «екі беті оттай жанып» тұр, бұл оның ұяттан өртеніп тұрғанын білдіреді. Омардың ашуы мен күйзелісі қатар өрбиді, өйткені бұл істі жасаған өзінің ұлы. Әкесінің ашулы үнін естіген Әбу Шашма не болғанын түсінбей, ішіп отырған тамағын тоқтатып сұрақ қояды. Омар оған сұрақ қойып, жолда кімдерді көргенін, қандай жағдайлар болғанын еске түсіруді талап етеді. Басында Әбу Шашма тек жөһітті кездестіргенін, оның дәрісін ішкенін ғана мойындайды. Омар одан толық шындықты сұрайды, әсіресе жолда көрген қыз туралы сұрағанда, Әбу Шашма үнсіз қалады. Ақырында, баласы өз кінәсін толық мойындап, жөһіттің алдауымен күнәға барғанын айтады. Омар ашуға булығып: «Бұл дүниенің қызығын көрдің, енді жазасын да көресің!» – деп кесімді шешім айтады. Шарифат заңы бойынша Әбу Шашмаға тиісті жаза қолданатынын білдіреді. Бұл жерде Омардың әділ билеуші екені айқын көрінеді. Өз баласы болғанына қарамастан, оған кешірім жасамайды. Заң барлығына бірдей қолданылуы тиіс, сондықтан шарифат үкімі орындалуы керек. Әбу Шашма өзінің күнәсін мойындап, нәпсіге ергенін түсінеді. Бірақ өзінің халық алдында масқара жүзіқара болуын қаламайды.

...Онысыз да болып тұрмын өзім нала,

Тағдырдың бұл ісіне бар ма шара?!

Өлтірсең үйде өлтір, атажаным,

Халыққа етпе мені жүзіқара?!» [5, 264-б.] – деп өтінеді.

Оның бұл сөзі оның өлімнен емес, халықтың алдында абыройын жоғалтудан қорқатынын білдіреді.

Омар оған ашуланып:

Балаға айтты Омар: «Ая, надан!

Ақылсыз болғаның не, мұнша жаман?!

Халықтан ұяламын деп айтасың,

Жаратқан, ұялмайсың ба бір Құдайдан?! [5, 265-б.] – деп, оның ең үлкен қатесін бетіне басады. Бұл исламдағы «Адам ең алдымен халықтан емес, Алладан қорқуы керек» деген қағиданы көрсетеді.

7. Жетінші желі. Омардың Әбу Шашманы жазалауға қатысты қатты қиналып жүрген сәтінде, Алладан арнайы пәрман келуімен баяндалады. Бұл пәрманда «оны халықтың арасында өлтір» деген үкім беріледі. Исламдағы Алланың әділдігі мен жаза мәселесінің маңыздылығын көрсетеді. Алланың тікелей шешімі болғандықтан, Омар оған күмәнсіз бағынып, «Дүре соғыңдар!»- деп бұйрық береді.

Әбу Шашма қатты қателікке ұрынғанымен, бүкіл өмірінде ешкімге бағынбаған, еркін жүрген адам еді. Бірақ шарифат заңы бойынша, оны қатты жаза күтіп тұр. Сахабалар оны қол-аяғын арқанмен байлап, құрма ағашына керіп қояды. Бұл жаза Исламдағы әділеттілік қағидасының қатаң орындалатынын көрсетеді. Жазаны орындаушы сахаба Абдулла өте күшті адам болып сипатталады.

Ол Омарға:

...Мен егер бар күшіммен дүре соқсам,

Болады тау мен тастар пара-пара» [5, 265-б.] – деп ескертеді.

Бірақ Омар:

«Ұра бер бар күшіңмен! – деді Омар,

Көңліме менің-дағы сен қарама!» [5, 265-б.] – деп, әділеттілікті бірінші орынға қояды. Бұл жерде Омар өз ұлын аямағанын, оны да басқа қылмыскерлер сияқты тең дәрежеде жазалағанын көреміз. Исламда заң барлығына бірдей – бұл әділеттілік принципін Омардың әрекеті дәлелдейді.

Әбу Шашма жазаның ауырлығын түсініп, Алладан кешірім сұрап, дұға етеді. Бұл оның тәубеге келгенін, өзінің күнәсін толық мойындағанын көрсетеді. Ол Алладан кешірім сұрап, оған әділдік пен мейірімін төгуін жалбарынады.

Әбу Шашма Алланың бұрынғы пайғамбарларға берген сабырын еске алып, өзі үшін де сондай сабырлық сұрайды. Исмаилдің құрбандыққа шалынар алдындағы сабырын есіне түсіреді. Жүсіп пайғамбардың (ағаларынан қастық көргенін, құдыққа тасталғанын, кейін құлдыққа сатылғанын, бірақ сабыр етіп, ақыры патша болғанын) мысалға келтіреді. Аюб пайғамбардың (барлық байлығынан, денсаулығынан айырылып, бірақ сабыр етіп, ақыры Алланың мейіріміне бөленгенін) есіне алады. Бұл мұсылманның Алланың әділдігіне сенетінін, бірақ сол сынақтарға шыдауға сабыр сұрайтынын көрсетеді. Абдулла он дүре соғады, бұл өте ауыр жаза. Сахабалар Омарға қарап, оның шешіміне пікір білдіруге дайындалып жиналады. Жиналған сахабалар Әбу Шашманың қатты қиналып жатқанын көріп, Омарға өтініш жасайды.

«Ей, Омар, арызымызды тыңда!

«Өтініш біз айтамыз сізге,

«Шашманың жүз дүресінің орнына,

Ұрыңыз он дүреден бізге?!» [5, 267-б.].

Бұл олардың жанашырлығын, мейірімділігін және бауырмашылдығын көрсетеді. Омар сахабалардың өтінішін қабылдамайды. Шығыс елдерінде адамға деген құрмет зор болғанмен: «Бұл жаза адамдардың өзара келісімімен емес, Алланың үкімімен берілген» деп жауап береді. Алланың әміріне ешкім араласа алмайды, оны жұмсарту немесе өзгерту мүмкін емес. Бұл исламдағы «әділет барлығына бірдей, оны ешкім өзгерте алмайды» деген қағиданы білдіреді. Омар Абдуллаға «Жаза тоқтамайды, он дүре ұр!» деп бұйырады. Әбу Шашма таяқтың ауырлығына шыдамай, атасына жалбарынады.

«Етіме таяқ батты, ая, баба,

Бұл істі салған маған һақтағала?!

Тіліне бір жөһіттің азғырылдым,

Құданың құдіретіне бар ма шара?!» [5, 267-б.]

Бірақ Омар оған:

«Етіңе таяқ батса не қылайын,

Ризасың әміріне бір Құдайдың?!» [5, 267-б.] – деп сенің таяқ жегенің – менің де жүрегіме ауыр тиеді, бірақ Алланың заңын орындау керек деп ой түйеді.

Әбу Шашма: «Маған демалуға мүмкіндік беріңіз!»- деп өтінеді. Бірақ Омар бұл өтінішті қабылдамайды. Омардың Алланың бұйрығына бағынатынын, әділдікті жеке сезімдерден жоғары қоятынын көрсетеді. Таяқтың соққысы қатты болғандықтан, Әбу Шашманың көзіне қан аралас жас келеді. Әбу Шашма таяқтың ауырлығына шыдап жатып, анасын көруге рұқсат сұрайды.

«Атажан, арызым бар, сөзді тыңда,

Анамды шақыртыңыз, келсін мұнда!» [5, 267-б.]- деп өтінеді.

Бұл оның анасына деген махаббатын, ана алдындағы парызын өтегісі келетінін білдіреді. Ол тек өзі үшін ғана емес, анасы үшін де уайымдайды:

«Армансыз, жүзін сүйіп, мен кетейін,

Қалмасын жазған анам ол да арманда!» [5, 267-б.]- дейді.

Омар оған «Алланың тағдырына разы бол!» деп жауап береді. Егер Әбу Шашма жазадан аман қалса, тірі көреді, ал егер өлсе, о дүниеде анасы оны күтіп алады. Бұл

исламдағы «тағдырға сену және ақыретте қайта қауышу» сенімінің көрінісі. Яғни бұл дүниеде айырылу уақытша ғана, егер адам иманды болса, ол жақындарымен жаннатта қайта қауышады. Ол әкесінен «Соңғы рет сіздің жүзіңізді сүйейін», - деп өтінеді. Бірақ Омар бұл өтінішті де қабылдамайды. «Бұл – менің бұйрығым емес, Алланың үкімі деп Алладан қорқатынын айтады. Оның жеке сезімдерін шарифаттың талабынан жоғары қоя алмайтынын дастанда осылай береді. Әділетті болу үшін өзін де, баласын да сынаққа салады. Ол қайтадан таяқ жеген соң, өзінің тіршіліктен үмітін үзгенін түсінеді. «Енді тіршіліктен күдер үздім, анаммен қияметте қауышармыз», - деп, о дүниеге дайындалғанын білдіріп, оның өз тағдырын қабылдағанын, Аллаға толық мойынсұнғанын көрсетеді. Жанындағы сахабалармен қоштасып, жаннатта кездесеміз деп сенім білдіреді.

Сахабалар бұл жағдайға жүректері елжіреп, «Біз өз жанымызды пидә етуге дайынбыз!» - деп Омарға қайта өтінеді. Омар ешкімді бұл іске араластырмайды, себебі бұл Алланың әділдігі екенін ескертеді. Сахабалар көздеріне жас алып жылайды, бірақ Омар шешімін өзгертпейді. Жаза 80 дүреге жеткенде, бір сахаба анасына хабар жеткізеді. Молда анасына: «Омар Шашмаға қаһар етті, ол өлім аузында жатыр, соңғы рет анасын көре алмай қиналуда» - деп жеткізеді. Анасы алғашында сенбей, қатты күйзеліске түседі.

Шашыма мен анасының толғанысы психологиялық жан тебіренісі дастанда көркем өрнектелген. Аллаға мінәжат айтып жалбарынуы ислами көзқарас, азаматтық ұстанымды айқындайды.

8. Сегізінші желі. Шындықты түсінген анасы есінен танып, ауыр күйге түседі. Бұл исламдағы ананың баласына деген терең махаббатын, ананың баласы үшін ең үлкен уайымы – оның қиналуы екенін көрсетеді.

Анасы баласын соңғы рет көру үшін асыға жетеді, бірақ келгенде баласы өмірден өтіп кеткен.

Айналайын, жан балам,  
Пана бол Алла тағалам!  
Бір көруге зар болып,

Еңіреп келді сорлы анаң! [5, 269-б.] – оның кешігуіне деген өкініші ажалдың ерте ме, кеш пе, әр адамды тауып алатыны, ешкім оны өзгерте алмайтыны баяндалады.

Ажал мен тағдыр арасындағы байланыс Құран Кәрімде: «Ешкім де Алланың бұйрығынсыз өлмейді. Ол белгілі уақытта тағайындалған» - деген Әли Ғымыран сүресіндегі 145 аятта берген [8]. Анасы енді ұлымен сөйлесе алмайтынын түсінген соң, жоқтау айтып, Аллаға мінәжат етеді. Баласының қазасын қабылдай алмай, Құдайдан сабыр сұрап жалбарынады, бірақ Құдайдың шешіміне қарсы келе алмайтынын түсінеді. Анасы өмірдің қысқалығы мен жалғандығына налиды. «Бір күншідей болмады, дүние шолақ, жалған-ай!» - деп, бұл өмірдің уақытша екенін түсінеді. Исламда бұл дүние – сынақ орны, мәңгі өмір – ақыретте деген сенім бар. Бұл дастан осы түсінікті терең көрсетеді. Әбу Шашма дүниенің қызығын дұрыс көре алмады. Иманды, діндар адам болса да, бір сәттік қателік оның өмірін қиып кетті. Анасы ұлының кішкентай кезін, оның діни білімі мен ерекше даусын еске алады. Баласының Құран оқыған әуезді үні құлағынан кетпейтінін, ұлынан үлкен болашақ күткен адам екенін, бірақ күнәнің кесірінен бәрі аяқталғанын сезінеді. Баласының иманды жан болғанын тілейді.

Кеудеңе иман орнасын,

Құдайдың өзі қолдасын! [5, 270-б.] – анасы ұлының жан дүниесінің таза, рухының тыныш болуын қалаған. Исламда адам өмірден өткен соң, оның рухына жасалған дұға оның ақыреттегі жағдайына әсер етеді. Анасы баласының рухының бейбіт болуын, оны Алланың қолдауын сұрайды.

Ақыретте Үрләйім,

Болғай сенің жолдасың! [5, 270-б.] – оның жаннатта жоғары дәрежеге жетуін тілеп, исламда жаннаттағы сұлу періштелердің бірі Үрләйімге жаннаттағы ең жақсы орындардың біріне лайық екенін айтады.

Өмірің қысқа, құлыным,

Алланың жазуы болғасын [5, 270-б.] – анасының тағдырды мойындауы. Баласының ерте өмірден өткені тағдырдың жазғаны екенін түсінеді.

Алдыңнан құдай жарылқап,

Әр ісінді оңдасын! [5, 270-б.] – оның тек ақыреттік өмірі жайлы тілек айтып тоқтайды. Исламда өмірдің ұзақтығы емес, адамның қалай өмір сүргені маңызды деген сенім бар. Ислам сенімінде ақыретте адамдарға олардың жасаған амалдарына сай мәңгілік мекен беріледі: иманды жандар жаннатқа, ал күнәлі жандар тазарғанша азап шегеді. Баласының күнәлары кешіріліп, бірден жаннатқа баруын тілеп, соңғы рет құшақтап, бетінен сүйіп, оның қазасын толық қабылдауға тырысады. Бірақ бұл оған өте ауыр, себебі «Қалай қисын сорлы ана, көзінің ақ пен қарасын?!» – деп, өзінің өміріндегі ең қымбат адамын жоғалтқанын түсінеді. Бұл жолдар ананың балаға деген шексіз махаббатының символы болып табылады.

Мұнан соң да он сан рет дүрелепті,

Дем бітіп, Әбу Шашма жан беріпті.

Сол жерде өз аузынан кәлима айтып,

Онан соң ақиретке жөнеліпті [5, 271-б.].

Бұл исламдағы «Кім соңғы демінде кәлима айтса, жаннатқа кіреді» деген сеніммен үйлеседі.

Әбу Шашма қайтыс болғаннан кейін де, оған берілген жаза толық орындалу үшін он дүре тағы соғылады.

Құдайдың орындалсын әмірі деп,

Он дүре өлген соң да соғылыпты

Ұрғанын бастан-аяқ санағанда,

Есебі толығынан жүз болыпты [5, 271-б.].

Исламдағы әділеттің толық жүзеге асуы керек екенін білдіреді. Шариғат заңы толық орындалған соң, Омар баласының жанына барып, оған деген махаббатын білдіреді.

«Жанымның рахаты кеттің бе?!» деп,

Жүзіне жүзін қойып сүйді дейді.

«Жан балам, ақиретте қауышармыз!»

Деп Омар басын төмен иді дейді [5, 271-б.] – деп, ұлына соңғы рет көңіл білдіреді. Омар баласының әділ соттан өткеніне қайғырады, бірақ бұл шешімге қарсы келе алмайды.

«Ұғыл жоқ енді маған сендей асыл!»

Деп Омар жылап-еңіреп тұрды дейді.

Омардың жылағанын халқы көріп,

Баршасы түгел егіліп тұрды дейді [5, 271-б.] – оның жүрегіндегі қайғыны Аллаға тәуекел етіп, баласымен ақыретте қауышатынына үміт артуынан байқаймыз. Омардың жылағанын көрген халық та түгел егіл-тегіл жылайды. Бұл исламдағы әділеттің каталдығына карамастан, адамдардың жүрегі жұмсақ екенін көрсетеді. Шариғат әділетті талап етеді, бірақ адамдар жақынының қазасына қайғыруы табиғи құбылыс. Халық пен сахабалар «Он күндей бейуыш болып, дүниеден бейхабар болды»- деген ақын тұжырымы Әбу Шашманың қазасын халық ауыр қабылдап, оның өз қауымына, қоғамына қадірлі адам болғанын аша түскендігінде еді.

Бір күндері Алладан хабар келеді – Әбу Шашма жаннатқа кіргені туралы.

Пейішке Әбу Шашманың барғандығын,

Хабарлап білдіріпті Алла Жаппар.

Жүз мыңға басшы қылып Әбу Шашманы,

Қолынан жіберіпті ақ пайғамбар! [5, 271-б.]- деген жолдардан оның күнәсі ауыр болса да, шынайы тәубесі мен жазасы күнәларын жуып кеткенін, о дүниеде үлкен дәрежеге ие болғанын, өмірі сынақ болғанымен, соңында Алланың рақымына бөленгенін білдіреді. Сегіз жаннатты аралап, пайғамбарлармен, Адам атамен, Дәуіт пайғамбармен бірге жүреді.

Дұшпан ит не істемейді тіршілікте,

Ақырын әр жігіттің Құдай сақтар!

Әзәзіл әрқашанда азғырады,

Салмаққа жолсыз шатқал қатпар-қатпар [5, 272-б.].

Адам өмірінде түрлі сынақтарға тап болатынын, кімде-кім Аллаға сеніп, тәубеге келсе, түптің түбінде құтылатынын білдіреді. Исламда «Шайтан адамды азғырады, бірақ Алла кешірімді» деген қағида бар.

Ғалым Б. Кәрібозұлы: «Сыр сүлейлері шығармашылығында қазақ қоғамының дамуында үлкен рөл атқарған діни-ағартушылық ағым, ой-сана жан-жақты жырланды. Халықты әлемдік өркениетке жетелейтін осы діни-ағартушылық ағым Сыр сүлейлері шығармашылығында әртүрлі жанрлар мен жанрлық түрлердің мазмұнына айналды.

Ислам дінінің қағидаттары мен шариғат заңдары насихатталған бұндай шығармаларда қазақ халқының ұлттық дүниетанымы, діни сенімі, педагогикалық-дидактикалық көзқарастары мен ұстанымдары қоса жырланды. Бұл қазақ әдебиеті үшін мүлдем жаңа мазмұн болатын» [9, 4-б.]. Ғалымның осы пікіріне сүйенсек, Қарасақал Ерімбет жырлаған «Әбу Шашма» дастанында діни-ағартушылық ой-сана жатыр екен. Ұлттық дүниетанымызда мұсылман дінінің шарттарын насихаттаған бұл дастанда ақын ислам дінінің құдіретін уағыздап, имандылыққа шақырған.

### Қорытынды

Қарасақал Ерімбеттің «Әбу Шашма» дастаны – исламдық мазмұндағы діни-насихаттық туынды. Дастанның басты идеясы – имандылық, әділдік және күнәдан тазаруға үндеу. Дастанда Мұхаммед пайғамбардың сахабаларының өмірі, олардың Алла жолындағы адалдығы мен әділдігі кеңінен сипатталады. Сонымен қатар, екінші халифа Омар ибн Хаттабтың ұлы Әбу Шашманың өмірі арқылы адамгершілік, сенім және тағдырдың жазмышы туралы маңызды ғибрат айтып, терең ой түйген.

Дастанның мазмұны исламдық құндылықтарды дәріптеумен қатар, адамның нәпсісіне еріп, күнәға батып, кейін оның ауыр зардабын тартатынын көрсетеді. Әбу Шашма – діни білімі жоғары, иманды жас жігіт болғанымен, жөһіттің азғыруына түсіп, тыйым салынған шарапты ішеді. Соның салдарынан ол үлкен күнәға батып, өз тағдырын қайғылы жолға бағыттайды. Ол өз қателігін мойындап, тәубеге келеді, алайда исламдық әділет заңы оны жазасыз қалдырмайды.

Омар ибн Хаттаб – әділ билеушінің үлгісі ретінде суреттеледі. Өз ұлының күнәсін кешірмей, Алланың әмірін толық орындайды. Бұл исламдағы әділеттіліктің жоғарғы принциптерін бейнелейді: заң бәріне бірдей және оған ешкім араласа алмайды. Сонымен бірге, оқиға адам баласының құдайға шынайы сенімі мен тәубеге келуі арқылы күнәлардан арылуға болатынын көрсетеді. Әбу Шашма соңғы демінде кәлима айтып, жаннатқа лайықты болғаны баяндалады.

Қазақ әдебиетінде діни-ағартушылық бағытты ұстанған ақындардың шығармалары – рухани мұрамыздың маңызды бөлігі. Әсіресе, Сыр өңірі ақындарының исламдық құндылықтарды ұлттық дүниетаныммен үйлестіре жырлауы – халқымыздың рухани тұтастығын нығайтуға септігін тигізді. Олардың жырларында діни-имандылық мәселелері ғана емес, ұлттық болмыс пен қазақы таным жүйесі көрініс тауып, қоғамға терең ой салатын тұжырымдар ұсынылған. «...Осы тұрғыда Сыр ақындарының діни ой-пікірлерін

дінтанымдық тұрғыдан зерттеуді қолға алып, ондағы негізгі тұжырымдар мен қағидаларды қазіргі қоғам өмірімен байланыстыра қайта жаңғыртудың өзектілігі байқалады. Оның бір себебі Сыр ақындарының исламның негізгі қағидаларын қазақ халқының өзіндік дүниетанымы мен ділімен, ұлттық ерекшеліктерімен сабақтастыруымен байланысты» [10, 92-б.].

Дастан ислам діні мен оның құндылықтарын насихаттай отырып, әрбір адамға өмірлік сабақ береді. Күнәдан сақтануға, әділетті болуға, тәубеге келуге және тағдырға мойынсұнуға шақырады. Дастан діни-ағартушылық тұрғыдан маңызды мұра болып табылады және оның мазмұны қазіргі оқырманға да өзекті болып қала береді.

Қазақ әдебиетін тақырыптық-идеялық жағынан байыта түскен бұл дастанда шығыстық үлгідегі дастаншылдық сақталған. Мұсылмандық пен ұлттық әдебиетті ұштастыра отырып, гуманистік идеяны аша түскен.

*Мақала ҚРҒЖБМ Ғылым комитетінің гранттық қаржыландыруымен №AP19680346 «Сыр сүлейлері шығармаларындағы Шығыстық дәстүр» ғылыми жобасы аясында жүргізілді.*

#### ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Тулебаева А.Т. Сыр бойы ақын-жыраулары поэзиясындағы философиялық дүниетаным және педагогикалық көзқарастар: Философия докторы (PhD) ... дис. – Қызылорда, 2024. – 197 б.
2. Жанбершиева Ұ., Оралова Г.С., Төлебаева А.Т., Камишева Г.А. Сыр сүлейлерінің (Тұрмағамбет, Жүсіп, Омар) мысал өлеңдеріндегі Шығыстық дәстүр // Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ Хабаршысы. Филология сериясы. – 2023. – №4(145). – Б. 121–131.
3. Оралова Г., Жанбершиева Ұ., Төлебаева А. Сыр сүлейлері шығармаларындағы діни-ағартушылық идея. – Қызылорда: Тұмар, 2024. – 248 б.
4. Қазақ әдебиетіндегі кітаби ақындар дәстүрі. Халықаралық ғылыми-теориялық конференция жинағы. – Түркістан: Тұран, 2009. – 380 б.
5. Ерiмбет Көлдейбекұлы. Ұлағат сөзім ұрпаққа. – Алматы: Маржан, 1995. – 302 б.
6. Күмісбаев Ө. Алтын қазық. – Алматы: Қайнар, 2012. – 512 б.
7. Кәрібозұлы Б., Игенбаева Р. Сыр сүлейлері шығармаларының ұлттық, тәлім-тәрбиелік тағылымы: ғылыми-танымдық кітап. – Алматы: Арыс, 2019. – 168 б.
8. Құран Кәрім, қазақша мағына және түсінігі / Ауд. Халифа Алтай. – Сауд Арабия. Мәдине, 1991. – 51 б.
9. Кәрібозұлы Б., Апенев Б. Сыр сүлейлері шығармаларындағы ұлттық дүниетаным сипаты: ғылыми-танымдық кітап. – Алматы: Арыс, 2018. – 128 б.
10. Кәрібозұлы Б., Әпенев Б., Игенбаева Р. Сыр сүлейлерінің әдеби мұрасы: монография. – Алматы: Қазақ тілі, 2020. – 320 б.

#### REFERENCES

1. Tulebaeva A.T. Syr boiy aqyn-zhyraulary poeziasyndagy filosofialyq dunietanym zhane pedagogikalyq kozqarastar: Filosofia doktory (PhD) ... dis. [Philosophical worldview and pedagogical approaches in the poetry of the poet-Zhyrau along the Syr Darya: dis.]. – Qyzylorda, 2024. – 197 b. [in Kazakh]
2. Zhanbershieva U., Oralova G.S., Tolebaeva A.T., Kamisheva G.A. Syr suleilerinin (Turmagambet, Zhusip, Omar) mysal olenderindegi Shygystyq dastur [The Eastern tradition in the verses of the Akyns of the Syrdarya (Turmagambet, Zhusup, Omar)] // L.N. Gumilev atyndagy EUU Habarshysy. Filologia seriasy. – 2023. – №4(145). – B. 121–131. [in Kazakh]
3. Oralova G., Zhanbershieva U., Tolebaeva A. Syr suleileri shygarmalaryndagy dini-agartushylyq ideia [Religious and educational idea in the works of the Akyns of Syrdarya]. – Qyzylorda: Tumar, 2024. – 248 b. [in Kazakh]

4. Qazaq adebietindegi kitabi aqyндar dasturi [Traditions of book poets in Kazakh literature]. Halyqaralyq gylymi-teorialyq konferencia zhinagy. – Turkistan: Turan, 2009. – 380 b. [in Kazakh]
5. Erimbet Koldeibekuly. Ulakat sozim urpaqqa [My proverb to posterity]. – Almaty: Marzhan, 1995. – 302 b. [in Kazakh]
6. Kumisbaev O. Altyn qazyq [The Golden Peg]. – Almaty: Qainar, 2012. – 512 b. [in Kazakh]
7. Karibozuly B., Igenbaeva R. Syr suleileri shygarmalarynyn ulttyq, talim-tarbielik tagylymy: gylymi-tanyndyq kitap [National, educational and educational teachings of the works of the Akyns of Syrdarya: a scientific and educational book]. – Almaty: Arys, 2019. – 168 b. [in Kazakh]
8. Quran Karim, qazaqsha magyna zhane tusinigi [The Quran, the meaning and concept of the Kazakh language] / Aud. Halifa Altai. – Saud Arabia. Madine, 1991. – 51 b. [in Kazakh]
9. Karibozuly B., Apenov B. Syr suleileri shygarmalaryndagy ulttyq dunietanym sipaty: gylymi-tanyndyq kitap [The nature of the national worldview in the works of the Akyns of Syrdarya: a scientific and educational book]. – Almaty: Arys, 2018. – 128 b. [in Kazakh]
10. Karibozuly B., Apenov B., Igenbaeva R. Syr suleilerinin adebi murasy: monografia [Literary heritage of the Akyns of Syrdarya: a monograph]. – Almaty: Qazaq tili, 2020. – 320 b. [in Kazakh]